

ӘОЖ 37.036

**ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА
ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ
ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ МЕН МӘНІ**

Е.Омар, Ю.А.Сапарова
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы экономиканың тұрақты дамуы мен қоғамда болып жатқан басқа да қайта құрылулар мен оң өзгерістер ұлттық педагогика ғылым саласын жеделдетудің жаңа жолын, яғни оның инвестициялық дамуының негізгі бағыттарын айқындауды талапқа қойып отыр. Қоғамға болашағы зор жобалар аса қажеттілікке айналды. Иновацияны тек өндіріске ғана емес, ең алдымен білім беруге енгізу керек болып отыр. Бұл тұрғыда біз өз ғылымдарымыздың озық ойлы идеяларына, ғылыми әдіснамалық еңбектеріне оның бүгінгі жетістіктеріне арқа сүйеуіміз керек. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындары ғылыми потенциалын үздіксіз өсіру, оқу – тәрбие үдерісі тиімділігін арттыру мен кең профильді мамандар даярлау мәселесі төңірегінде Отандық ғалымдар ұсынған жаңалықтар мен жобалар аз емес. Мәселе осы жобаларды жетілдіріп оларды жүзеге асыру жолдарын көрсетуде болып отыр.

Енді педагогика ғылым саласында көкейтесті болып тұрған мына бір мәселеге назар аударалық. Күні бүгінге дейін жоғары оқу орындарында жоғары білікті мамандарды даярлау міндеті негізінен экстенсивті бағытта шешілуде. Мұндай жағдайдың орын алуына бір жағынан жоғары оқу орындары меншік формаларының сан алуандылық жағдайда өмір сүруі де өз әсерін жасауда. Екінші бір жағынан қолданысқа енген тілдік айналымдағы ғылыми атаулардың да өз сәйкестігінде түсінілмеуі көптеген мәселелерде әр түрлі көз – қарастар мен шатасуға апаруда. Айталық жоғары оқу орындарында қазіргі таңда оның негізгі кадрларына қатысты айтылып жүрген атаулар (терминдер) көп жағдайда оқу орындары мамандары арасында әр түрлі ұғымда түсініліп және қолданылып жүр. Олар кейбір жағдайда бір – біріне қарсы мағына да қолданылса, кей жағдайда баламалық тұрғыда түсініледі [1].

Дәлелге жүгіну үшін – «ғылыми кадрлар», «ғылыми – педагогикалық кадрлар», «профессор оқытушы кадрлар» атаулары қалайша ұғынылып қолданыста жүргеніне талдама берелік. Күнделікті өмірде мәселен, «ғылыми – педагогикалық қызметкерлерді» жоғары оқу орындарының «ғылыми қызметкері» лауазымы мәртебесінде санау түсінігінде қолдануы кездеседі. Кейбірде «ғылыми - педагогикалық» қызметкерлер мағынасын жоғары оқу орындары «профессор оқытушылар құрамы» мен «ғылыми - қызметкерлерді» қатар қосарлап, бір мағынада қарау көз – қарасы мен түсінігі байқалады. Немесе әр бір жеке даралық қызмет түрі мамандарын әрі «ғылыми – педагогикалық», әрі «жоғары оқу орындары ғылыми қызметкерлері» сияқты бірыңғайлықтағы түсінік қалыптасқан [2]. Мұндай жағдай теоретиктер мен практиктердің бір мағынаны өз сәйкестігінде түсінуге және лайықты қолдануына кері ықпал жасауда. Ал ғылыми анықтамалық басылым беттерінен күні бүгінге дейін жоғарыдағы атаулардың лайықты арнауларына қатысты ажыратылымды анықтамаларды кездестіре алмаймыз. Осы жағдайдың өзі отандық педагогика ғылымының алдында әр бір атаулардың жеке даралық лайықталған арнауларына қатысты айқын анықтамалардың жасалу керектігін күн тәртібіне қоятын сияқты. Бұл мәселе қазіргі кезде «жоғары оқу орындары оқытушылар кадры» - деген кең мағынада айтылып жүрген атауға да тікелей қатысты, яғни бұл да өз шешілуіне зәру мәселе. Өйткені «ЖОО – оқытушылар кадры» - деп оқытушылық және ғылыми жұмыспен айналысатын тұлғаларды бір мағына аясындағы түсінік ретінде қарау көз – қарасы қалыптасқан. Бұл мәселенің шешілуі де қазіргі кездегі қажеттілік. Өйткені бұл қызмет категориясы адамдары туралы жалпы көз – қараспен, анықтама арасында қайшылық бар.

Ендігі бір назар салатын мәселе ғылым мен жоғары білім ара жігін де айқындау. Ғылымның жоғары білім беру жүйесінен өз алдына бөлек – сала ретінде бөлініп шыққаны баршаға белгілі. Дейтұрғанмен ғылыми іздену жұмысы жоғары оқу орындарының негізгі жұмыс түрі ретінде даму үстінде елендігі де белгілі. Оның айғақты дәлелі ретінде жоғары оқу

орындарға салалық кафедраларда арнаулы ғылыми – ізденіс жұмысымен айналысатын құрылымдардың (салалық және проблемалық зертханалар, ғылыми зерттеу институттар т.б.) пайда болуы мен өріс алуын айтуға болады. Бүгінгі таңда Республикадағы жетекші оқу орындарында әр түрлі әдіснамалық семинар мен ғылыми оқу әдістемелік кешендердің аспирантура мен магистратура, докторантура мамандандырылған диссертациялық кеңестердің де нәтижелі жұмыс жүргізіп жатқандығы жоғарыда айтқан ойымыздың шүбәсіз дәлелі болып табылады. Жоғары оқу орындары өмірінің ажырағысыз бөлігі ретінде орындалған ғылыми жұмыстардың жүргізілуі жоғарыда біз жеке – жеке атап көрсеткен айтылымдағы атауларға (терминдерге) қатысты түсініктің (тек жоғары оқу орнына ғана қатысты) бір синтезделген (жинақты) түсініктегі анықтаманың мақсатқа сәйкестілікте жасалып қолдануының дұрыс екендігін аңғартады. Және бұл шатастыруға апармайды. Сөйтіп айтылған ойымызға орай жоғары оқу орындары ғана үшін – «ғылыми – педагогикалық кадр» - түсінігі аясына оқу орынының ғылыми бөлім қызметкерлері мен профессор – оқытушылар құрамының бірге қойылып ғылыми тілдік айналымға қолданылуы дұрыс деп саналады және негізді де. Алайда ұғымдардың айтылуында шарттық сипат бар екенін есте сақтаған дұрыс. Сондықтан да Республикадағы барлық жоғары оқу орындары құрамына ғылыми – зерттеу бөлімдері қосылған [3].

Жоғары оқу орындары жүргізіп жатқан зерттеу жұмыстары, осы мекеме ғылымдарының және ғылыми – зерттеу ұжымдарының қоғамымызға тиімді ғылыми жобалар мен оларды жүзеге асыру механизмдерін жетілдірудегі бағдарламалар мен тапсырыстарға қатысуы қоғам өмірінің барлық саласының жетілуіне жасап жатқан құтты қадамдары [4]. Жетекші ғалымдарды оқу – тәрбие жұмыстарына қатыстыру да жоғары білікті мамандар дайындау сапасын арттырудың базалық күші болуда. Қазіргі таңдағы барлық білім деңгейлеріне аса қажетті оқу - әдістемелік, оқу – құралдарын жазу міндеттемелерінің орындалуына жоғарыда айтылған іс – шаралардың рөлі мен оның терістеуге негіз жоқ. Қазақстан Республикалық жоғары оқу орындарында қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялар бұл күндерде тек сандық жағынан ғана емес сапалық жағынан да өсуде [5].

Республика жоғары оқу орындары жоғар білікті мамандар даярлауда қомақты үлесімен танылуда. Осы іс – шаралардың ішінде М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің де орны ерекше. Университет өзінің ғылыми потенциал көрсеткішімен де Республикада алдыңғы қатарда көрініп келеді. Сайып келгенде тәжірибе көрсеткендей жоғары оқу орындарында педагогикалық және ғылыми саладағы қызметтердің ажыратылуы және дербестік сипатта өмір сүруі мүмкін емес екен. Ендеше жоғары оқу орындарында іске асырылатын ғылыми – педагогикалық қызметтің мәні теориялық білік пен практикалық дағды қалыптастыру үшін шығармашылық оқу ғылыми – қызметтестеріне студенттер мен аспиранттарды (магистранттарды) тарту, оқу және ғылыми процесстердің органикалық бірлестікте жүруін қамтамасыз ету болып табылады екен.

Олай болса жоғары оқу орындары ғылыми – педагогикалық кадрлар сипатына мынадай қызметкерлер категориялары жатады:

- Профессор – оқытушылар құрамы;
- Жоғары оқу орны мемлекеттік және келісім – шарттық (шаруашылық келісім шарттағы) бөлімдердің ғылыми қызметкерлері жатады.

Бұл қызметкерлердің негізгі функциясы «жоғары оқу орындарындағы педагогикалық процессті» жүзеге асыру болып табылады. Бұл процесстің негізгі құраушылары жоғарыда айтып кеткеніміздей әрбір салалық кафедрада органикалық (жанды) бірлестікте жүргізілетін кәсіби – педагогикалық және ғылыми зерттеу қызметтерінен тұрады. Енді осы жерде «ғылыми – педагогикалық кадрлар» ұғымы сияқты «жоғары оқу орны педагогикалық процессі» - ұғымын да анықтамасын яғни арналуына лайықты түсінігін жасау мәселесі де сұранып тұрған сияқты. Алайда ғылыми - әдебиеттерде бұл терминге берілген әр түрлі мағынадағы айтулар кездеседі. Айталық Ресей педагогикалық энциклопедиясында мынадай мазмұндағы анықтама берілген: оқу – тәрбие процесстерін ұйымдастырудың қазіргі принциптерін (қағидаларын) іске асыруда, студенттерге білімін күрделенген мазмұнын меңгертуде педагогикалық процесс шешуші мән – мағынаға ие болады делінген. Ал кейбір қайнарларда педагогикалық процессті оқу – тәрбие процесстерінде тұтастық сипатта және бірлікте оқыту мен тәрбиенің өзара байланыс

жағдайында іске асырылатын қызмет түрі ретінде көрсетулер кездеседі. Педагогикалық процессті - тәрбиелеушінің тұлғалық өзін - өзі іске асыруы мен жан – жақты дамуына ықпал жасаушы субъекттердің шығармашылық бірлестіктегі, бірлескен қызметі ретінде қарау түсінігі де бар. Осы келтірілген мәселелерден түйіндейтін ой, ғылыми педагогикалық ұғымдардың әлі де көп жағдайда шарттылық мән – мағынада пайдаланатындығы аңғарылады. Ал бұл педагогика ғылымында терминдер мен аталулардың әлі күнге дейін біріздендірудің жүзеге аспағандығын аңғаратды. Бұл жағдай «ғылыми – педагогикалық кадрлар» даярлаудағы жоғары оқу орындарында жүргізіліп жатқан инновациялық модернизациялаудың басты бағыттары айқындалып жатқанда ойда болатын дүние деп есептейміз. Бұл мәселеге арнайы, толыққанды бағдарламадағы іздену жұмысын жүргізу күн тәртібінде тұр [6].

Әдебиет

- 1 Концепция развития наук в вузах РК //Высшая школа Казахстана.- 2009.- №3.-156с.
- 2 Петров В.Н. Вузы и научно-технический прогресс. – М., 1999.- С.165-166.
- 3 Исаева З. Университетское пед.образование: новые подходы и прогнозы развития //Высшая школа Казахстана.- 2000.- № 4-5.- С.12-17.
- 4 Советский энциклопедический словарь - М.: Советская энциклопедия, 1981.- 527с.
- 5 Кусиинов А. Аттестация научных кадров на новый качественный уровень // Вестник высшей школы Казахстана.- 2002.-С.40-42.
- 6 Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного пед.процесса. –Алматы, 2009.- С.20-22.

Резюме

В статье отражены организационно-педагогические условия подготовки кадров в образовательной, гуманитарной и в сфере услуг по классификатору МОН РК: необходимость кадровой деятельности педагогики, культуры и их классификация, суть и основные функции в современном Казахстане, влияние современной модернизации и инновационных технологий на процессы образования.

Summary

The article considers organizational and pedagogical conditions for training personnel in educational humanitarian and services sphere according to the Ministry of Education and Science of Republic of Kazakhstan classificatory: pedagogical and cultural potential of personnel and their classification, the essence and main functions are necessary in contemporary Kazakhstan, impact of contemporary modernization and innovative technologies in training cultural and pedagogical personnel is very important.